



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

мен екеуің араңда дұшпандық болған біреу, өте жақын достай болып кетеді.

Адамның бойына біткен мінез-құлық, ақыл-ой, білім, сана, адалдық, жомарттық, кеңпейілділік, тектілік немесе осыларға қарама-қарсы қасиеттері (еріншектік, мақтаншақтық, т.б.):

Är megüğe eşik art bolur `Еріншекке есік асу болар` (МҚ I,71).Қазақ тілінде: *Еріншектің ертеңі бимнес т.б.*

Sartniñ azuqı arıy bolsa jol üzä jer `Саудагердің азығы таза болса, жол үстінде жер`. Бұл мақал айтқан сөзінің үдесінен шыға алмайтын, құр мақтаншақ адамға қарата қолданылады (МҚ I, 95).Қазақ тілінде: «*Орынсыз мақтау орға жығады*», «*Жетім бала жасқаншақ, жетесіз бала мақтаншақ*».

Erik erini jaylıy ertegü başi qanlıy `Іскердің ерні майлы болар, еріншектің басы қанды болар`. Бұл мақал жалқаулықтан без, қайраттанып жаныңды салып жұмыс істе дегенді насихаттайды(МҚ I, 100).Қазақ тілінде: «*Еңбек деген байлық бар ерінбеген жететін, жоқшылық деген жебірді жермен жексен ететін*», «*Еңбек етсең емерсің, ерінбесең жеңерсің*», «*Еңбеккер ұйқыдан ширап тұрады, еріншек ұйқыдан қирап тұрады*», «*Ерінбесең еңбегің өнеді*», т.б.

Ermegüğe built jük bolur `Еріншекке бұлт жүк болар` (МҚ I, 167). Қазақ тілінде: «*Еріншектің ісі – екі*», «*Еріншектін ертені бітпейді*», т.б.

Халықтың тұрмыс-тіршілігінің, салт-дәстүр, әдет-ғұрпының, рухани мәдениетіне қатысты мақал-мәтелдер жиынтығы тілде паремиологиялық бейнені сомдайды. Онда бастан өткерген оқиғалар мен тарихи тұлғалар туралы мәліметтер, көне наным-сенім мен діни көзқарастар, қоғамдық құрылым мен қоғамдық қатынас жүйесінің айшықты суреттемесі көрініс тауып, ұлт өкілінің өзін қоршаған шындық болмыс туралы танымы, жасаған пайымы, қоршаған ортаға деген өзіндік көзқарасы, берген бағасы тұрақтылық сипат алады.

Екі дәуір мақал-мәтелдеріндегі ұқсастықтар мен ортақтықтар жалпытүркілік тілдік сананың беріктігін, дүниетаным ортақтығын, паремиялық мағынаның сабақтастығын көрсетсе, кейбір айырмашылықтар қазақ халқының төл болмысына сәйкес паремиялық жүйенің дамығанын сипаттайды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Кеңесбаев І. Қазақ тілі түсіндірме сөздігі. – Алматы: Қаз.ССР Ғылым акад.баспасы, 1961, 356 б.
2. Вершагин Е.М., Костомаров В.Г. Язык и культура: Лингвострановедание в преподавании русского языка как иностранного. – Москва, 1990, 246 с.
3. Қайдар Ә.Т. Халық даналығы. – Алматы: Толағай. 2004, 560 б.
4. Махмұт Қашқари, «Түрік тілінің сөздігі»: (Диуани лұғат-ит-түрік): 3 томдық шығармалар жинағы / Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А. Егеубай. — Алматы: ХАНТ баспасы, 1997, 590 б.

ӘОЖ 398.1

ҚОРҚЫТ ТУРАЛЫ АҢЫЗДАРДАҒЫ ШАМАНДЫҚ БЕЛГІЛЕРІ

Алимбеков Руслан Жұмасілұлы

alimbekovrus@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Түркітану кафедрасының PhD докторанты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.д., профессор М.Жолдасбеков

Алтайдан Анадолияға дейінгі ұлан ғайыр территорияны мекен еткен түбі бір түркі халықтарына ортақ жәдігерлер түркі тектес халықтардың, оның ішінде қазақ халқының

рухани байлығы. Көне заманнан бергі ата тарихытан сыр шертетін осындай құнды мұраның бірі – түркі халықтарының ортақ бабасы, ақылгөй, данышпан, қобызда күй тартатын күйші, жырауы әрі философиялық мазмұны аса терең аңыздардың кейіпкері – Қорқыт есімімен тығыз байланысты. Қорқыт туралы мәліметтерді Рашид-ад-диннің «Огуз-наме» [1], Абулғазы Баһадүрдің «Түркмен шежіресі»[2] еңбектерінен көрінеді. 1815 жылы «Қорқыт ата кітабының» Дрезден нұсқасын алғаш неміс тіліне аударып, жариялаған немістің атақты ғалымы Ф.Дитц [3] болды. Кейін 1952 жылы Италиялық шығстанушы Э. Росси Ватикандағы (Италиядағы) Аристолика кітапханасында сақталып келе жатқан қолжазба нұсқасын жария етеді. Осы екі нұсқаның жарық көруі барша ғалымдардың түркі тектес халықтардың дүниетанымы, әдебиеті, мәдениеті, тарихы көрініс тапқан құнды жазба жәдігерді зерттеуге деген ықласын арттырды. Әсіресе, бұл тақырып жөнінде Ресей, Түркия, Әзірбайжан, ғалымдарының, атап айтар болсақ, В.В. Радлов, В. В. Бартольд, А. Ю. Якубовский, Самойлович, Г.Араслы, М.Тахмасиб, Х.Короглы, О.Гокияй, М.Ергин, Э. А. Султанлы, В.М. Жирмунский т.б. сынды бірнеше ғалымдардың ғылыми зерттеу жұмыстары біршама алда тұр. Онда Қорқыттың тұлғасы, оның өмір сүрген дәуірі, түркі халықтарының тарихындағы орны біршама анықталып, Қорқыт оғыз тарихында хандардың кеңесшісі, ұзаны, көрнекті қоғам қайраткері ретінде танылады. Алайда, В.М.Жирмунский өзінің «Огузский героический эпос» (1974) атты көпжылдық ғылыми зерттеу еңбегінде, оғыздардың батырлық жырына, оның құрылымы мен шығу тегіне жан-жақты талдау жасай отырып, «Қорқыттың тарихи прототипін анықтауда үлкен ғылыми қызығушылық тудыруы екі талай. Қорқыт – аңыз-әңгімелердің негізінде жинақталған, жиынтық обрыз»[4] – деген пікірін білдіреді. Ғалымның мұндай қорытынды жасауы Қорқыттың өз өмірі туралы тарихи деректердің тапшы болуы мүмкін. Дегенмен, Мырзатай Жолдасбеков және Орхан-Шайых Гокайдің пікірлері әлде қайда басқа. Біріншісі, «Қорқыт тарихта болған адам. Ол - оғыз елінің ұлы басшысы, кемеңгер ойшылы, асқан күйшісі»[5] десе, екіншісі, «Қорқыт ата – халықтың шайыры, музыкада сарын тартатын қобызшы, қазақтарға музыка үйрететін ұстаз, олардың рухани санасында ұлы сәуегей, қазақ бақсыларының пірі, табынатын тәңірісі. Бақслар оны әрдайым баба деп, Қорқытқа сиынып отырған».- [6] дейді. Қорқыт жөніндегі бұл ғалымдардың ой-пікірлері біз үшін өте маңызды. Қорқыт дүниеде болмаған болса, ондаған ғасырлар бойы халықтың санасында тұрақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отырған өнегелі сөздері, оғыздардың ежелгі мекені болған Сырдың бойындағы халықтардың арасында дәстүр болып жалғасып келе жатқан музыкалық мұрасы, ол туралы ауызша жетіп отырған аңыз-әңгімелері осы күнге дейін жалғасын таппас еді. Қорқыттың музыкалық мұрасы, ол туралы аңыз әңгімелер қазақ, түркімен жерінде кеңінен сақталғандығы анық. Сол аңыздар Қорқыттың тарихи тұлғасын ашуға мүмкіндік беретін бірден-бір дерек деп санаймыз. Ал біздің негізгі қарастыратын мәселе – аңыздардағы шаманизімнің белгілері болмақ.

Қорқыт бейнесі туралы түркі халықтарында әртүрлі әңгімеленеді. Ал «Қазақ арасына таралған аңыздардан Қорқытты бірде айтулы күй атасы ретінде көрсек, енді біразында ол өлім атаулыға қарсы шара іздеген қамқоршы ретінде көрінеді. Терең ойлар, ауыр мехнат азабымен өлместікті арман еткен Қорқыт мәңгілік өмір іздеп ел кезеді». – дейді, түрколог, профессор М. Жолдасбеков [5, 114]. Осы орайда, Қорқыттың бейнесін көрсететін аңыздарға тоқталатын болсақ, Қорқыт туралы аңыздар жеткізушілердің тарапынан түрлі өзгерістерге ұшырағанын, және әр дәуірдің дүниетанымы мен діни наным-сенімдерінің де белгілерінің бар екенін аңғару қиын емес. Сондай қазақ арасында кең тараған аңыздың бірі «Қорқыттың өлімі мен өлімнен қашуы». 1987 жылы В. Вельяминов-Зернов оның бірнеше нұсқасын жазып алады [7]. Ол ғылыми айналымға түсіп, ғалымдар тарапынан зерттеле бастайды. Сонымен қатар, Ә. Диваевтың «Несколько слов о могиле святого Хоркутата» [8], Қорқыт ата мұрасын зерттеу ісімен айналысқан Сібір мен Орта Азияға танымал зерттеуші Г.Н. Потаниннің «Казах-киргизское и алтайские предания, легенды и сказки» [9] жинағында қазақ халқының халық аңыз-әңгімелері кең қамтылған. Осындай аңыздардың бірі, 1897 жылы И.В. Аничковтың жазып алған аңызы. Онда мынандай көріністі байқауға болады: «Қорқыт, ажал жанын алған жерге келгенше желмаясына мініп, өлімнен қорқып Құдайдан 100 (40) жыл

қашты. Құдай оны әулие жасады». [10]. Ал, П.С. Спиридонов 1899 жылы Т. Айшуақовтың айтуы бойынша жазып алған аңызды талдай отырып, «Қорқыт Сырдың бойында өмір сүрген. «Емші» болған. Мұнда оны «бақсы» деп те атайды, ол да емшіге жатады, бірақ, магиялық сиқыры бар қазақтың шаманы», – дей келе, Қорқыт бақсы, шаманизм идеологиясының өкілі екендігін анық көрсетеді. Екінші жағынан исламдық идеологияның белгілерін де байқауға болатынын алға тартып, аңыздан мынандай үзінді келтіреді: «...Қорқыт өлімнен құтылу үшін, дүниенің төрт бұрышын шарлады. Қайда барса да, алдынан өзінің қазулы тұрған көріне жолығады. Өлімнен құтыла алмайтынын білген Қорқыт, өзінің мекеніне қайта оралып, Алланың бұйрығын күтіп жатты. Алла оған қайырымды болып, оның судың бетінде қалқып тұрған кілеміне киіз үйін орнатып, әйелінде сонда тұруға рұқсат етіпті. Қорқыттың өтініші бойынша Алланың қалауымен кілем судың бетінде құрлықта тұрғандай қалқып тұрыпты. Күндіз түні ұйықтамай қобыздың сүйемелдеуімен қасиетті Құраннан өлеңдер оқиды». Бұдан ғалым, «Құран өлеңдерін, айтушы мұсылман болғандықтан алғашқы шаманның айтатын сиқырлы дуасымен ауыстыруы мүмкін», – деген қорытынды шығарады [11]. Ал, И.Джембысбаевтың 1989 жылы жариялаған аңызында, «Қорқыт халық құрмет тұтқан әулие, өлімнен қашып, дүниенің төрт бұрышын кезеді. Амалы тауысылған Қорқыт Сырдың бойына келіп, Әзірейілге өз еркімен жанын тапсырады» [12]. Яғни, көріп отырғанымыздай П.С. Спиридоновтың мәліметінде жергілікті халықтың түсінігінде Қорқыт «Бақсы-Емші» екендігін аңғарсақ, И.Джембысбаевтың мәліметінде Қорқыт - әулие, солай бола тұрсада, өлімнен қашады, ақырында мойындайды. Бұл аңыздарды талдай келе екі идеологияның (исламдық және шамандық) элементтерінің бар екендігіне көз жеткізе аламыз. Бұл неге олай болды?- деген заңды сұрақ тууы мүмкін. Өйткені, Оғыздар ерте замандардан бері беделін асқақататып, ерекше қастерлеп келген Қорқыт ата ғалымдардың көпшілігінің дәлелдеуінде ислам діні оғыз, қыпшақ арасында тарамай тұрғанда өмір сүрген бірінші абыз, бақсылардың атасы. Кейін ислам діні келгеннен соң бұрынғы шаманизмнің белді өкілі болған бақсыларды ығыстыра бастаған, тіпті көп жағдайда бақсыларға қарсы күрес жүргізген. Осыған байланысты көне заманның атақты абыздары мен бақсылары біртіндеп ұмыт бола бастаған, немесе исламға лайықты өзгерістерге ұшырап, екі идеологияның да белгілерін ұштастырған күрделі синкреттік тұлғаға айналған [13].

Өтпелі кезеңде өмір сүрген Қорқыт туралы деректер әртүрлі дүниетанымның ықпалымен баяндалып, сан түрлі редакциядан өткен. Дегенмен, Сырдың бойындағы қазақтарда сақталған Қорқыт туралы кейбір аңыздар өзінің түпкі нұсқасынан ажырамаған. Осыған орай Олжас Сүлейменов: «Түріктер мен әзірбайжандардың деде Қорқыт туралы аңыздары мешіттің мейлінше редакциялауынан өткен. Ондағы мажусилік атаулының бәрі алып тасталған. Аңыздан қалғаны тек, оғыздардың барлық эпостары аяқталатындай, өлімнің шарасыздығы туралы сөздер ғана... Исламды өзге түркілерден кейін қабылдауы себепті ғана Сыр дарияның қазақтары аңыздың өздеріне тиесілі нұсқасын мұсылмандық түзетуден аман алып қалған» - деген пікір білдіреді [14]. Яғни, Сырдың бойындағы қазақтарда сақталған аңыз-әңгімелер исламның Орта Азияда кең етек жаймай тұрып қалыптасқан наным-сенімнің, дүниетанымның негізінде құрылғандығын көруге болады. Ал қазақ халқында сақталған Қорқыт туралы аңыздар анадолы түріктерінде кездеспейді. Ол жайында Түркияның фольклортанушы ғалымы Хасан Өздемир: «Біздің білуімізше, Түркияда Қорқыт атаның жеке тұлғасына (бейнесіне) қатысты қандай да бір аңыз кездеспейді. Ал басқа түркі халықтарының ауыз әдебиетінде оның өмір сүргенін растайтын халық ауыз әңгімелері (аңыздары) бар».- дейді [15]. Осы орайда, Сырдың бойында сақталған аңыздардың желісінде, қазақы таным-түсінік шеңберінде Қорқыт туралы зерттеулердің біріне тоқталуды жөн санадық.

Оғыздардың эпосында Қорқыт Ата озандардың ұстазы, сонымен бірге олардың өзінің әндерін қобызбен сүйемелдеп отыратын қорғаушысы, бірінші ұзаны, басшысы саналса, қазақтарда қобызда сарын тартатын алғашқы музыкант және қасиетті бақсы. Ш. Уәлиханов былай дейді: «қазақ шамандарында, оларға қобызда сарын тартуды үйреткен ең бірінші бақсы Қорқыт туралы аңыз бар. Қазақ бақсыларының сиқырлы сеансы Қорқыттан қалған

қобызбен сарын тартудан басталады» десе, [16] осы пікірді Г.Н. Потанинде, И.Чеканинскийде, И. Кастаньеде, Ш. Ыбраевте [17] қолдап, Қорқытты бақсылардың қорғаушысы, басшысы деп танып, ол туралы ғылыми еңбектер жазады. Ал, А.Инан болса «Тарихи Дост султан» деген өзбек тіліндегі бір еңбекті қарастыра отырып, Қорқыт ата отқа табынушылар мен олардың емшісі, бақсылардың пайғамбары ретінде көрсете келіп, «мұсылмандар қиналғанда пайғамбар Мұхамедтен көмек сұраса, шамандар қиналғанда бақсы Қорқыттан көмек сұрайтын болған», деген ақпаратты келтіреді [18].

Бізге жеткен тағы бір аңыздарда Қорқыт «қобызшылардың әкесі саналады». Сондай-ақ, халықтың сүйікті күйлерінен үзінді ойнайтын күйші ретінде де танылған [19]. Қазіргі таңда қазақ халқында Қорқыттың бірнеше күйлері және сол күйдің шығу тарихын білдіретін аңыздарыда сақталған.

Жалпы Қорқыт Ата қазақ таным-түсінігінде бақсы, қасиетті әулие деген түсінік мықтап орныққан. Ол туралы аңыздардағы оқиғалардың желісі, ондағы дүниетаным шаманизімнің белгілерін анық көрсетеді. Өйткені ислам идеологиясында «өлімнен қашу, өліммен арпалысу» сияқты ұғымдар жоқ. Бұл шамандық дүниетанымға тән құбылыс. Бұны жоғарыдағы көрсетілген ғалымдардың да пікірлері қуаттайды. Алайда, ғылыми зерттеулер мен деректер көрсетіп отырғандай Қорқыттың «бақсы-емші» екендігіне күмән келтірмейміз және олай деп те бір жақты пікір қалыптастыра да алмаймыз. Қорқыт өз заманының ақылшысы, батагөй, алдағыны болжайтын сәуегейі. Сол заманның дүниетанымы мен ой-санасының дамуына өзіндік үлес қосқан қасиетті абызы деген пікірді жақтаймыз. Сонымен қатар, фольклорлық аңыздардың кейіпкері ғана емес, жұрт әруақ, бақсы, әулие ретінде де қадірлеп, дерттен айығу мақсатымен кезінде оның қабіріне келіп, түнеп, қасиет тұтқан Қорқыт Атаны – тарихи тұлға екендігінде айтқымыз келеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Рашид-ад-Дин. Огуз-наме. – Баку: ЭЛМ, 1987, 128 б.
2. Абу-л-Гази-Бохадур-хан. Родословная туркмен. Пер. А. Туманского. Асхабад, 1897.
3. Diez H. F. Denkwuerdigkeiten von Asien in Kuensten und Wissenschaften, Bd. I– II. Berlin, 1811–1815.
4. Жирмунский В.М. Тюркский героический эпос. Л.: 1974, 558 с.
5. Жолдасбеков М. Асыл арналар (зерттеулер, мақалалар). Алматы: Жазуш», 1986, 113 б.
6. Gökaу, Dedem Korkudun Kitabı. S. CXXXVI.
7. Вельяминов-Зернов В. Памятник с арабско-татарской надписью в Башкирии. Тр. ВО РАО, т. IV, СПб, 1859.
8. Диваев А. А. Несколько слов о могиле святого Хоркутата. ЗВО, т. X, СПб., 1896, стр. 193–194; ПТКЛА, год II, Ташкент, 1897, протокол № 17, С. 10- 13.; Диваев Ә. Тарту. – Алматы: Ана тілі, 1992, 254 б.
9. Потанин Г.Н. Казах-киргизское и алтайские предания, легенды и сказки. вып. II-III. Живая страна, 1916.
10. Аничков И. В. О некоторых местностях Казалинского уезда, интересных в археологическом отношении. ПТКЛА, год III, Ташкент, 1897–1898. Протокол № 1 (1897).
11. Спиридонов П. С. Один из вариантов легенды о Хор-Хуте. Записано в 1899 г. со слов киргиза Тулюса Айишувакова. ПТКЛА, год XIII, Ташкент, 1909.
12. Джембысбаев И. «Хорхут Аулиэ». Қорқыт Ата энциклопедиялық жинақ. Алматы, 1999.
13. Ыбыраев Ш. «Қорқыт Ата туралы деректердің тарихи шындығы». «Қорқыт Ата мұралары – Түркі халықтарының рухани қазынасы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдар жинағы. – Алматы: «Арна-В», 2014, 24-25 б.
14. Сүлейменов О. “Қорқыт ата туралы мақала жазудамын» (18.05.2016) <<http://www.dalanews.kz/15807>>
15. Hasan Özdemir. «Dede Korkutun kişiligi ile ilgili efsaneler» /Türk Dili ve Edebiyatı Sempozyumu (Ankara, 18 Aralık 2003), 23-33 б

16. Уәлиханов Ш. Тандамалы. Алматы: Жазушы, 1980.
17. Потанин Г.Н. Очерки северо-западной Монголии, т.IV, СПб., 1882, С. 843; Чеканинский И. А. Баксылык. Следы древних верований казахов. Записки Семипалатинского отдела Общества изучения Казахстана, т. I, Семипалатинск, 1929, С. 77; J. Castagn'e. Magie et exorcisme chez les Kazaks-Kirghizes, С. 61.; Ш.Ыбраев. «Қорқыт және шаманизм». Қорқыт Ата энциклопедиялық жинақ. Алматы, 1999.
18. İnan A. Dede Korkut Hakkinda. Makaleler, İncelemeler. Ankara, 1968, 167
19. Жубанов А. Струны столетий. Алма-Ата, 1958.

УДК 94(574)

ФОРМИРОВАНИЕ КАЗАХСКОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ НАЧАЛА XX В. И ЕЕ ОСНОВНЫЕ ЗАДАЧИ

Аманова Мадина Имановна

madinaamanova94@mail.ru

Магистрант кафедры тюркологии ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель – доктор PhD, доцент А.Б.Шалдарбекова

Впервые термин «интеллигенция» был использован в Европейских странах, обозначая особый круг общества не только занимающейся мыслительной деятельностью, но и обладающей критическим способом мышления, высокой степенью социально-психологической рефлексии, способностью к систематизации знаний и опыта. Этот термин на протяжении длительного периода времени изучается исследователями, которые пытаются дать ему полную и непротиворечивую характеристику. Так, отвечая на вопрос о понятии «интеллигенция» и зарождении казахской национальной интеллигенции, доктор исторических наук Х.М. Абжанов предлагает разделить интеллигенцию на две группы по характеру интеллектуального развития: традиционная интеллигенция и профессиональная [1].

Доктор исторических наук Х.М. Абжанов предлагает свою точку зрения на вопрос о зарождении интеллигенции, при этом он говорит о зарождении национальной, казахской интеллигенции. По характеру интеллектуального развития национальную интеллигенцию ученый делит на две группы: традиционную и профессиональную.

Первую, традиционную, группу интеллигенции он, в частности, относит именно к древности: «Беки, батыры-полководцы, мыслители, религиозные деятели, мудрые наставники молодежи воспеваются в древнетюркских памятниках письменности. Связь времен и поколений не прерывалась и в последующие века, она выдержала разрушения монгольского нашествия, походы Тамерлана, войны с джунгарами. Внутренняя структура традиционной интеллигенции не претерпела существенных изменений» [1]. Произведения Таттимбета, Курмангазы, сайдалы-сары Тока, песни Акана, Жаяу Мусы, Биржана, литературное наследие Шернияза, Шортанбая, Суюнбая и многих других — бесценные творения литературно-музыкального крыла традиционной интеллигенции, и по сей день являющиеся гордостью казахской нации.

Мы же в данной статье подробно изучим историю формирования именно второй, по Х.М. Абжанову, группы интеллигенции — профессиональной. По мнению Х.М. Абжанова, это и есть та интеллигенция, которая зародилась в начале XX в. [1]. И хотя состояла она из представителей различного социального положения: из бедных семей — Ж. Аймауытов, О. Жандосов, М. Дулатов; из среднего слоя — А. Байтурсынов, С. Мендешев; дети степной аристократии — Ш. Кудайбердиев, М. Шокай, Н. Тюрякулов, а также следующее поколение — С. Асфендияров, Б. Каратаев, А. Беремжанов; несмотря на то, что получило образование и развитие в отличных друг от друга учебных заведениях: в медресе обучались - Т. Жомартбаев, М. Сералин, Б. Майлин, М. Жумабаев на Юридическом факультете Петербургского университета— Ж. Акпаев, Б. Каратаев, С. Аманжолов, М. Чокаев, В